



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 8 қаңтар

### 2017 жылғы 29 желтоқсаннан 2018 жылғы 5 қаңтар аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

5 қаңтардағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,7%-ға (332,33-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 330,13 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 29 желтоқсаннан 5 қаңтар аралығындағы маңызды оқиғалар Ашық нарықтағы операциялар бойынша федералдық комитеттің желтоқсандағы хаттамасын жария ету, АҚШ халқының жұмыспен қамтылуы жөніндегі деректер және Еуроаймақтағы инфляцияның өсуі, ЕОБ-нің ресми тұлғаларының монетарлық ынталандыру бағдарламасын 2018 жылы ықтимал аяқтау туралы түсініктемелері және дамушы елдердің қор индекстерінің өсуі болды. Осы факторлар АҚШ долларының әлемдік нарықтарда біраз құбылмалығына әкеліп соқты.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:


- **Оңтүстік Африка ранді** 0,6%-ға (12,38-ден 12,31-ге) нығайды.
- **Үндістан рупиясы** 0,8%-ға (63,87-ден 63,37-ге) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** 1,0%-ға (13 555 –тен 13 416-ға) нығайды;
- **Ресей рублі** 1,3%-ға (57,69-дан 56,93-ке) нығайды;
- **Түрік лирасы** 1,6%-ға (3,80-нен 3,74-ке) нығайды;
- **Мексика песосы** Мексика Орталық Банкінің ақпанда базалық мөлшерлемені көтеру бойынша сенімділігінің нығаюы аясында 2,4%-ға (19,66-дан 19,18-ге) нығайды.
- **Бразилия реалы** дамушы елдердің қор нарықтарының өсуі және темір рудасына бағаның өсуі бойынша күтулер аясына 2,4%-ке (3,31-ден 3,23-ке) нығайды.

---

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

**Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %  
(2017 жылғы 29 желтоқсан – 2018 жылғы 5 қаңтар )**



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)